

**МКҚК №45 “Алтын бала” бөбекжай-балабақшасында
2025-2026 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие»
бағдарламасының «Әжелер мектебі» жоспарына сәйкес
ұйымдастырылған «Наурыз – ұлттық салт-дәстүрдің бастауы»
тақырыбындағы іс-шараға**

АНЫҚТАМА

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптеу, салт-дәстүрлерін насихаттау және жас ұрпақтың бойына ұлттық тәрбие сіңіру мақсатында 2025-2026 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Әжелер мектебі» жоспарына сәйкес «Наурыз – ұлттық салт-дәстүрдің бастауы» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – балаларға қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы мағлұмат беру, олардың ұлттық мұраға деген құрметін арттыру, ұлттық тәрбиені дәріптеу. Шара барысында арнайы шақырылған әжелер қазақ халқының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүрлерінің мән-маңызын түсіндіріп, шілдехана, бесікке салу, қырқынан шығару рәсімдерін көрініс түрінде көрсетіп берді.

Әжелер әрбір дәстүрдің тәрбиелік мәніне тоқталып, оның бала тәрбиесіндегі орнын түсіндірді. Балалар ұлттық салт-дәстүрлермен танысып, қойылған көріністерді қызығушылықпен тамашалады. Сонымен қатар Наурыз мерекесіне арналған әндер айтылып, тақпақтар оқылып, ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Іс-шара мерекелік көңіл-күйде өтіп, тәрбиеленушілердің ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырды. Безендірілуі мен мазмұны тақырыпқа сай ұйымдастырылып, балалардың белсенді қатысуы байқалды. Әжелердің өнегелі әңгімелері мен көрсеткен салт-дәстүрлері балаларға ерекше әсер қалдырды.

Іс-шара өз мақсатына жетіп, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеуге және өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге ықпал етті.

ӘДІСКЕР:  А.С. БАСМАГАМБЕТОВА

Әжелер мектебі

дәстүрді дәріптеп, ұрпаққа өнеге



Шілдеhana



Бесікке салу



Қырқынан шығару



Дәстүр – ұлттың қазынасы,
әже – өнегемнің бастауы.



Бүгінгі іс-шарада:

Шілдеhana

жаңа туған сәбиге бата беру

Бесікке салу

баланың алғашқы қадамы

Қырқынан шығару

жамандықтан сақтау, бапқа тілеу

Ұлттық тағамдар

дәстүрді дәммен дәріптеу

Әже тәрбиесі –

ұрпаққа мирас ♥

